

14.11.2019 ж.

Алаш жұртының алыбы  
жазушы Әбіш Кекілбаевтың туғанына 80 жыл

«Алаш жұртының алыбы» атты тақырыпта Әбіш Кекілбаевтың мерейтойына арналған, 14 қараша күні абонемент бөлімінде көрме қойылып, шолу жасалынды.

Заманымыздың бір заңғар тұлғаларының бірі Әбіш Кекілбаев 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде дүниеге келген. Өткен ғасырдың 70 – 80 жылдар аралығында мәдениет, әдебиет, кино салаларында қызмет атқара жүріп, өзінің жазушылық кәсібін алдыңғы қатарға қоя білді. Жаңа мемлекет тұсында депутат, Комитет төрағасы, Жоғары Кеңес төрағасы, Мемлекет хатшы, Сенат депутаты сияқты лауазымды қызметтер атқарып келді.

«Бір ел – бір кітап 2019» республикалық акциясы аясында Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы таңдалып алынды. Роман төрт бөлімнен тұрады. Романда зұлымдық пен мейірімділік, әлеуметтік теңсіздікпен махаббат құдыреті суреттелген. Шым – шытырық оқиға бірнеше ғана образ бар. Олар әмірші мен кіші ханша және оған ғашық болған шебер. Жазушының романдары «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғамдығы, ұлт мүддесі, бостандық жайлы айтылған тәрбиелік мәні бар, оған қоса шығармаға өткен мен бүгінгінің мәселелері қозғалған. Жазушыға арнаған көрмеге үздік еңбектері қойылды. Шолуға катынасқан адам саны - 32



